Қазақстан Республикасы бойынша 2021 жылдың. сәуір айына консультативтік ауа райы болжамы.

Климаттық мәліметтер бойынша сәуір айы Қазақстанның барлық аумағында көктемнің басталатын уақыты. Сәуірде күн ұзарып, көкжиектен жоғары көтеріліп, одан әрі жылу жиналады. Ауаның орташа тәуліктік температурасының 0°С арқылы оң мәндерге тұрақты ауысуы республиканың солтүстігінде бірінші онкүндікте басталады, үшінші онкүндікте бұл аудандардағы орташа тәуліктік температура +5°С арқылы өтеді. Қазақстанның оңтүстігінде бірінші онкүндікте ауаның орташа тәуліктік температурасы +10°С арқылы өтеді. Кейбір жылдары 2-3 аптаға, ерте және кеш кезеңдерге ауысулар болуы мүмкін.

Сәуір наурыз айымен салыстырғанда жауын-шашынның көбеюімен тән. Қазақстан аумақтарының көп бөлігінде жауын-шашын 15-30 мм, шығысында кей жерлерде 50-90 мм, оңтүстігі мен оңтүстік-шығысының тау бөктеріндегі және таулы аймақтарында 100-150 мм түседі. Кейбір жылдары жауын-шашын мөлшері көпжылдық мәндерден 4-5 есе асып кетуі мүмкін.

Найзағай бүкіл Қазақстан бойынша, тұман - көбінесе Қазақстанның солтүстік жартысында байқалады.

Консультативтік болжамға сәйкес 2021 жылдың сәуір айында Каспийдің оңтүстігінен және Ресейдің Еуропалық аумағынан циклондардың шығуымен республиканың батысы мен солтүстік жартысында ауа-райының тұрақсыз сипаты басым болады. Жауын-шашын (көбіне жаңбыр түрінде), Қазақстанның солтүстігінде және республиканың оңтүстік, оңтүстік-шығыс, шығыс таулы аудандарында аралас жауын-шашын (жаңбыр, сулы қар) болуы ықтимал. Жел 15-20 м/с, кей күндері екпіні 23-28 м/с күтілуде (батыста және оңтүстікте шаңды дауылмен), республика бойынша кей жерлерде найзағай ойнап, бұршақ жауыы ықтимал.

Бірінші онкүндіктің басында Қазақстанның басым бөлігінде жауын-шашынсыз ауа райы күтіледі, тек батыста және оңтүстік-шығыс бөлігінде жауын-шашын (жаңбыр, қар), кей жерлерде қатты жауын-шашын күтіледі. Бірінші онкүндіктің ортасынан бастап республиканың барлық аумағында жауын-шашын, тұман және көктайғақ құбылыстары тұрақсыз ауа райы болжанады. Бірінші онкүндікте түнгі және күндізгі ауа температурасының жоғарылауы күтіледі:

батыста түнде +2+7°С-қа дейін, күндіз +5+15°С- қа дейін;

солтүстікте, солтүстік-батыста, орталықта және шығыста түнде -5-15°С-тан -2+3°С-қа дейін, *күндіз* +2+10°С-қа дейін, орталықта және шығыста кей жерлерде +13°С-қа дейін;

Республиканың оңтүстігінде және оңтүстік-шығысында *түнде* 0,-8°С-тан +2+10°С-қа дейін, *күндіз* +5+15°С-тан +10+23°С-қа дейін.

Бірінші онкүндіктің соңында Қазақстанның солтүстік жартысында түнгі температураның төмендеуі болжанады.

Сәуірдің екінші және үшінші онкүндіктерінде Иран мен Орта Азия аудандарынан жылы ауа массаларының шығарылуымен температура фоны көтерілуі мүмкін:

Елдің солтүстігінде, орталығында және шығысында күндіз +15+25°С- қа дейін;

Қазақстан Республикасының оңтүстік аймақтарында және батысында +20+30°С- қа дейін.

Алайда, суық ауа райының қайтуы және ауа температурасының айтарлықтай төмендеуі жоққа шығарылмайды. Республиканың солтүстік, орталық және шығыс өңірлерінде Ресей аумағынан суық ауа массаларының енуіне байланысты термометр бағандары *түнде* 0,-9°С- қа дейін, *күндіз* +3+8°С- қа дейін, еліміздің оңтүстік өңірлері мен батысында *түнде* -5+7°С- қа дейін, *күндіз* +10+17°С- қа дейін төмендеуі мүмкін.

Ескертпе: бір айға арналған болжамды консультативтік болжам ретінде пайдалану керек, ол кейіннен синоптикалық жағдайдың өзгеруіне қарай түзетіледі және онкүндікке арналған ауа райы болжамдарымен нақтыланады.

Гидрометорталық директоры **М. Шмидт**

Ұзақ мерзімді ауа райы болжам
басқармасының басшысы **Ж.Исабекова**

✍ *инженер УДПП Исабекова К.*
☎*8(7172) 798-395*
01.04.2021г.